

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### 2020 жылдың 1 тамызына қарай БЖЗҚ өз салымшыларына 100 миллиардқа жуық теңге төлемді

2020 жылдың жеті айында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 246 356 алушыға төлем жасады. Тұтастай алғанда жалпы сомасы 98,2 миллиард теңгеге 1,2 миллионнан астам зейнетақы төлемдері мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар жүзеге асырылды, оның ішінде:

- зейнеткерлік жасқа толу бойынша төлемдер – 34,9 млрд теңге;
- сақтандыру ұйымдарына аударымдар – 24,3 млрд теңге;
- ТТЖ-ға кетуге байланысты төлемдер – 19,9 млрд теңге;
- мұрагерлік бойынша төлемдер – 16,4 млрд теңге;
- жерлеуге берілетін төлемдер – 1,8 млрд теңге;
- мүгедектік бойынша төлемдер – 908,1 млн теңге.

Бұл ретте кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем сомасы (зейнеткерлік жасқа толуға байланысты) 22 602 теңгені құрап, ең жоғарғы ай сайынғы төлем сомасы 506 980 теңге болды.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы I қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыга (алушыга) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).